

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 3200 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 желтоқсанда № 6744 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 16.04.2021 № 688 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабы 1-тармағына, "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 болып тіркелген) сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 16.04.2021 № 688 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Б. Жакыпов

Әкімдігінің

2016 жылғы 24 қарашадағы
№ 3200 қаулысына қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 16.04.2021 № 688 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қостанай қаласы, В. Чкалов көшесі, 4 А үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 53 (елу үш) теңге мөлшерінде;

2. Қостанай қаласы, Быковский көшесі, 3/1 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 74 (жетпіс төрт) теңге мөлшерінде;
3. Қостанай қаласы, Гашек көшесі, 6/2 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 59 (елу тоғыз) теңге мөлшерінде;
4. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, 36 А үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 62 (алпыс екі) теңге мөлшерінде;
5. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, 36 Б үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 62 (алпыс екі) теңге мөлшерінде;
6. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, 36 Г, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 62 (алпыс екі) теңге мөлшерінде;
7. Қостанай қаласы, Текстильчиков көшесі, 4 А үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 60 (алпыс) теңге мөлшерінде;
8. Қостанай қаласы, Текстильчиков көшесі, 10 А үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 61 (алпыс бір) теңге мөлшерінде;
9. Қостанай қаласы, Маяковский көшесі, 117/2 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 60 (алпыс) теңге мөлшерінде;
10. Қостанай қаласы, Красносельская көшесі, 128 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 66 (алпыс алты) теңге мөлшерінде;
11. Қостанай қаласы, Ғ. Қайырбеков көшесі, 351/3 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 66 (алпыс алты) теңге мөлшерінде;
12. Қостанай қаласы, Ғ. Қайырбеков көшесі, 371/1 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 62 (алпыс екі) теңге мөлшерінде;
13. Қостанай қаласы, Ғ. Қайырбеков көшесі, 369/1 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 59 (елу тоғыз) теңге мөлшерінде.